

Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі № 331 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 13 тамызда № 3577 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.01.30 № 54 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармаққа) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 21-3) тармақшасына және мекен-жайды Қостанай облысының "Мекен-жайлық тіркелім" ақпараттық жүйесінде тіркеудің бір тұтас тәртібін белгілеу үшін Қостанай облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағида бекітілсін.

2. Әкімдіктің 2007 жылғы 28 мамырдағы № 241 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы және Қостанай облысының "Мекен-жайлық тіркелім" ақпараттық жүйесінде мекенжайдың тіркеу тәртібі және құрылымы туралы ережені бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж. Т. Сағиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Кулагин

Әкімдіктің

2007 жылғы 12 шілдедегі № 331

қаулысымен бекітілген

Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік

нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағида

Осы Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағида (бұдан әрі - Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарына сәйкес және "Қостанай облысында "электрондық әкімдікті" қалыптастырудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 21 шілдедегі № 334 шешімін іске асыру және Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атаудың бірыңғай тәртібін белгілеу, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу үшін әзірленген.

1. Негізгі ережелер

1. Осы Қағидада мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) мекенжай - Қостанай облысының белгіленген шекарасы шегіндегі жерде объектінің (жер телімінің, ғимараттың, имараттың) орналасу жерінің (орналасқан жері) жинақталған деректемелерінің белгіленген құрылымдық сипаттамасы;

2) саяжол - екі жағынан қатарлап отырғызылған ағаштары бар жол;

3) желекжол - жаяу жүргіншілер қозғалысы және қысқа мерзімді демалыс үшін тағайындалған қала көшесі ортасындағы немесе жағалау бойындағы кең с а я ж о л ;

4) кірістірілген объектілер - ғимарат (имарат) қасбетін қайта жаңғыртылмаған және жеке кіру ұйымдастырылмаған ғимараттар мен имараттарда ұйымдастырылған объектілер, мұндайда ғимараттың (имараттың) қайта құрылған бөлігінің қызметтік тағайындалуы өзгеруі мүмкін;

5) ғимарат - қызметтік тағайындалуына қарай адамдардың тұруы немесе келуі , өндірістік процестерді орындау, материалдық құндылықтарды және тағы басқаларды орналастыру және сақтау үшін пайдаланылатын міндетті түрде жер үсті тұйықталған көлемді құрайтын, көтергіш және қоршау құрастырмаларынан тұратын жасанды құрылыс. Ғимараттың жер асты бөлігі болуы мүмкін;

6) инвестор - Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар ;

7) қала құрылысы элементінің санаты - функционалдық қала құрылысы тағайындауын және объектінің (шағын аудан, ғимарат, имарат, көпір, көлік

айырымы (айналым), фонтан, тас жол, жоларна, даңғыл, көше, желекжол, саяжол, өту жолы, қысқа көше, тұйық көше және басқалар) ерекшелігін сипаттайтын қала құрылысы элементі атауының бөлінбес бөлігі;

8) квартал - магистральды көшелермен, қысқа көшелермен бөлінбеген құрылыстың құрылымдық элементі;

9) ландшафты-рекреациялық аумақ - қоныстану аумағында орналасқан саябақтар, бақтар және желекжолдармен бірлесе ашық кеңістік жүйесін қалыптастыратын ормандарды, орман-саябақтарды, орман қорғау аймақтарын, сутоғандарды, ауыл шаруашылығының пайдаланудағы жерлерін және қаланың басқа жерлерін (кентті, басқа елді мекендерді) қосатын аумақ;

10) магистральды жолдар - қалалар және басқа елді мекендер арасында көліктік байланыс үшін арналған жолдар;

11) шағын аудан - белгіленген шекараларда не болмаса қоныстану, не болмаса өндірістік, не болмаса ландшафты-рекреациялық аумақ болып табылатын магистральдық көшелермен бөлінбеген құрылыстың қаланы қалыптастыратын құрылымдық-жоспарлау элементі;

12) атаулар - аудандарға, шағын аудандарға, даңғылдарға, желекжолдарға, көшелерге, алаңдарға және қаланың өзге де құрылымдық элементтеріне берілетін, оларды бөлу және тану үшін қызмет ететін жеке атаулар;

13) ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және қайта атауына, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіруге, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіруге, сақтауға біртұтас көзқарас қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды шығаратын консультативтік-кеңесші о р г а н ;

14) сәулет органы - сәулет және қала құрылысы саласында реттеуді жүзеге асыруға әкімдікпен уәкілетті етілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын а т қ а р у ш ы о р г а н ;

15) тілдерді дамыту жөніндегі орган - тілдерді дамыту саласында реттеуді және ономастикалық комиссия қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға әкімдікпен уәкілетті етілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

16) қысқа көше, өту жолы - көлік құралдарының аудан, шағын аудан, квартал ішінде тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және құрылыстың басқа объектілеріне өтуін қамтамасыз ететін негізгі немесе екінші дәрежелі өту жолы;

17) объектінің реттік нөмірі - объектінің мекенжай құрылымының элементі: объектіге құрылыс аумағындағы (көше, шағын аудан) қала құрылысы объектісінің атауы бар, сол немесе басқа құрылымдық элементке оның керек-жарақ белгісі негізінде берілетін әріптер және (немесе) бөлшектер қосылу

мүмкіндігімен бірізділік саннан тұратын объектінің жай нөмірі;

18) жалғай салынған объектілер - ғимаратқа, имаратқа жалғай салынған қосымша орын-жай салу жолымен ғимараттарда және имараттарда ұйымдастырылған, сонымен қатар өздігінен функционалдық маңызы бар объектілер;

19) нақты жоспарлау жобасы - қызметтік-қала құрылыстық аймаққа бөлуді анықтай отырып аумақтың жоспарлы ұйымдастыруының негізгі бағыттарын белгілейтін қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) бас жоспары негізінде орындалған аумақ құрылысының жоспарлы жобасы; қызыл сызықтар және құрылысты реттейтін сызықтар; халыққа әлеуметтік, мәдени және коммуналдық қызмет көрсету объектілерін орналастыруға аумақты сақтау; көше-жол желісін және көліктік қызмет көрсетуді, инженерлік коммуникацияларды тартуды ұйымдастыру; көшелердің көлденең пішіні; аумақты абаттандыру және көгалдандыру; жария қала құрылыстық сервитуттар және басқа талаптар;

20) өндірістік аумақ - өнеркәсіптік кәсіпорындарды және солармен байланысты объектілерді орналастыруға арналған аумақ, тәжірбиелік өндірістер, коммуналдық-қоймалық объектілер, сыртқы көлік имараттармен бірге ғылыми мекемелердің кешені;

21) даңғыл - жалпы қалалық маңызы бар магистральды жол немесе магистральды көше;

22) бақ - саябақ - тұйық шекаралармен анықталған оқшауланған ауданы үштен он гектарға дейінгі жалпы қолданыстағы қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) көгалдандырылған, қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) қоныстану аумағында ұйымдастырылған және халықтың жаппай демалуына арналған аумақ;

23) санитарлық-қорғаныш аймағы - арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ елді мекендегі өнеркәсіптік кәсіпорындарды және басқа да өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттардан және имараттардан бөліп тұратын аумақ;

24) қоныстану аумағы - тұрғын, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитарлық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумағының бөлігі;

25) шағын гүлбақ - тұйық шекаралармен анықталған оқшауланған ауданы үш гектардан аспайтын жалпы қолданыстағы қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің)

көгалдандырылған, қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) қоныстану аумағында ұйымдастырылған және халықтың жаппай демалуына арналған аумақ;

26) имарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, адамдардың уақытша келуін (орын ауыстыруына), материалдық құндылықтарды және жүктерді орналастыруға және сақтауға, сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеулер, желілер) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе сызықты объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Имараттың көркемдік-эстетикалық, әшекейлі-қолданбалы не болмаса мемориалды белгісі
б о л у ы м ү м к і н .

27) тұйық - көлік құралдарының тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және көше арасындағы (бір "т" тәрізді қысқа көшелер құрайды) өн бойлық көліктік байланысты құрамайтын аудан, шағын аудан, квартал ішінде қалалық құрылыс объектілеріне өтуін қамтамасыз ететін негізгі немесе екінші дәрежелі өту жолы;

28) көрсеткіш - азаматтарды сол немесе басқа көше, ғимарат немесе имараттың тұрған жері, орналасуы туралы ақпараттармен қамтамасыз етуге арналған түсіндірме жазулары, цифрлары бар бейне түріндегі жарық түсіретін, жарықты шағылыстыратын, контрастық объектілерді, материалдарды пайдалана отырып құрылған, белгіленген геометриялық нысандағы түрлі-түсті бейне;

29) қала бөлігі (кенттің, басқа елді мекеннің) (құрама бөлігі) – қаладағы аудан, алаң, даңғыл, бульвар, көше, қалтарыс, бақ, саябақ, көпір және қаланың өзге де құрамдас бөліктері (кенттің, өзге елді мекеннің).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 2008.09.29 № 458 қаулысымен.

2. Қостанай облысының қалалары мен басқа елді мекендерінің аудандарына, шағын аудандарына, көшелеріне, даңғылдарына және басқа да құрамдас бөліктеріне атау беру (қайта атау), олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту тәртібі

2. Қостанай облысы қалаларының (кенттер, басқа елді мекендер) бөліктеріне атау Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылым туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте оларды бөлуді және кеңістікте тануды қамтамасыз ету үшін беріледі.

2-1. Қала (аудан) әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі атаулары берілмеген немесе оларда орналасқан жылжымайтын мүлік объектілерін бұзуға байланысты қолданыстан шығарылған көшелердің тізбесін жергілікті атқарушы о р г а н ғ а ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 2-1 тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің

3. Қалалардың бөліктеріне атау беру (кенттің, басқа елді мекендердің) мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) азаматтардың, өзге ұйымдардың немесе аудан әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімінің ұсынысы бойынша кент (село) немесе аудандық маңыздылығы бар қала әкімі тиісті аумақтың тұрғындарының пікірін есепке ала отырып атау (қайта атау немесе сәйкес атаулары бар құрамдас бөліктерін қайта атау) туралы шешім шығарады және құрамдас бөліктердің кеңістік орналасуымен және оның шекараларын нақты анықтаумен сызба нұсқаны міндетті түрде қоса отырып мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарға жеткізеді;

2) азаматтар, өзге ұйымдар немесе қала әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі қалалық атқарушы немесе өкілдік органдарына атау (қайта атау немесе сәйкес атаулары бар құрамдас бөліктерін қайта атау) туралы ұсыныс жолдайды;

3) тиісті аумақтың тұрғындарының пікірін есепке ала отырып қалалық ономастикалық комиссия отырысында қалалық өкілдік немесе атқарушы органдарға құрамдас бөліктерге атау (қайта атау) беруді ұсынуға шешімін қабылдайды;

4) тиісті аумақ тұрғындарының пікірін есепке ала отырып бірлескен шешіммен қалалық өкілдік және атқарушы органдар атау (қайта атау немесе сәйкес атаулары бар құрамдас бөліктерін қайта атау) туралы мәселелерді шешеді, немесе келіспейді және негізделген бас тарту себебімен ақпаратты мүдделі тұлғаларға береді;

5) құрамдас бөліктерге атау (қайта атау) беру туралы қалалық атқарушы және өкілдік органдардың бірлескен шешімдері құрамдас бөліктердің кеңістік орналасуы бар және оның шекараларының нақты белгіленуі бар сызба нұсқаны міндетті түрде қоса отырып мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарға жеткізіледі. Құрамдас бөліктерге атау (қайта атау) беру туралы қалалық атқарушы және өкілдік органдардың бірлескен шешімдері мүдделі азаматтарға жеткізіледі;

б) қала әкімі құрамдас бөліктерге атау және қайта атау беру, олардың аттарының транскрипциясын өзгерту жөнінде жұмыстарды орындауды уәкілетті органдарға тапсырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің
2008.09.26 № 458 қаулысымен.

4. Қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) бір бөлігіне бірнеше атау беруге жол берілмейді. Бұрылыстары отыз градустан жоғары болған жағдайларда даңғылдарды (көшелерді, қысқа көшелерді, өту жолдарын) есептемегенде;

мұндай жағдайларда қала (кенттің, басқа елді мекеннің) бөлігінің бұрылыс орындарынан оқшауланған атау беруге жол беріледі.

Бір санаттағы бірнеше қала құрылысының элементтеріне бір атау беруге жол берілмейді.

5. Қала құрылысы элементі (даңғыл, көше) табиғи бөгеулермен (өзендер, жырақтар және басқалары) қиылысқан жағдайда қалыптасқан учаскеге жеке атау беруге жол беріледі.

6. Қаланың (кенттің, басқа елді мекендердің) аумақтарын кезең-кезеңімен игерген жағдайда қала құрылысы элементін оқшауланған, атаулары қисынды байланысқан, осы қала құрылысы элементінің уақыт ішінде іс жүзінде қалыптасу және салыну кезеңіне сәйкес келетін жекелеген учаскелерге бөлуге жол беріледі.

3. Қаланың (кенттің және басқа елді мекендердің) жер телімдеріне, ғимараттарына және имараттарына реттік нөмір беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану

7. Жер телімдеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмір беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) аумағында шағын аудандардың, көшелердің, ғимараттардың, құрылыстардың және басқа объектілердің орналасу жерін (тұрған жерін) анықтаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру үшін арналған.

8. Қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) аумағында орналасқан әрбір жер телімінде, ғимаратта және имаратта өзінің бірегей мекенжайы болуы керек.

9. Осы Қағидаларға сәйкес реттік нөмір берілетін жылжымайтын мүлік объектілері:

жер телімдері (игерілмеген және құрылыс салынған);
ғимараттар;
имараттар болып табылады.

10. Қостанай облысының қалалары (кенттің, басқа елді мекеннің) үйлерінің, ғимараттары және имараттарының қасбеттерінде, даңғылдардың, көшелердің, қысқа көшелердің қиылыстарында аудандардың периметрлері бойынша көрсеткіштердің мынадай үлгілері орналасады:

көшелердің атау көрсеткіштері;
шағын аудандардың атау көрсеткіштері;
тікелей көшелердің қиылысында (қиылысу) орналастырылатын көше атауларының бұрыштама көрсеткіштері;
ғимарат, имараттың реттік нөмірінің көрсеткіші.

11. Көрсеткіштің типтік нобайлары тілдерді дамыту жөніндегі органның келісімі бойынша сәулет органында бекітіледі.

12. Қала (кент, басқа елді мекендер) аумағында орналасатын ғимараттар, имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері, көшелердің, шағын

аудандардың атауларының көрсеткіштері, көшелер атауларының бұрыштама көрсеткіштері белгіленген тәртіпте бекітілген осы Қағидалармен белгіленетін техникалық талаптарға және типтік нобайларға міндетті түрде сәйкес болуы керек.

4. Реттік нөмірлер беру талаптары

13. Ғимараттар, корпустар, құрылымдар, имараттар, жер телімдерінің реттік нөмірі - әріпті (А,Б,В,Г және тағы басқа, есімдік болатын әріптерден басқа мысалы "Я" әріпі, қазақ алфавитінің әріптерін (Ә, І, Ғ, Қ, Ү, Ұ, Ө, Һ, Ң) және айтылуы қиын әріптерді (дыбысталмайтын) немесе цифрларға ұқсас әріптерді (О, Ж, З, И, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ь) қосу мүмкіндігі немесе қосымша толық цифрларлардың бөлшектік белгісінен тұратын объект мекенжайының деректемелері .

14. Егер бір жер телімінде екі және одан да көп бірдей сәулеттік үйлесімін құрайтын немесе бір сәулеттік-құрылыстық кешеннің бөлігі болып табылатын ғимараттар, корпустар, құрылымдар, имараттар салынған (қолданыстағы) болса, ғимараттардың, корпустардың, құрылымдардың, имараттардың реттік нөміріне ә р і п т е р қ о с ы л а д ы .

15. Егер ғимарат, корпус, құрылым немесе имарат квартал ішінде орналасса және ғимараттың, корпустың, құрылымның, имараттың бір де қасбеті қалалық магистральға шықпаса ғимараттар, корпустар, құрылымдар, имараттардың реттік нөміріне бөлшек белгісі арқылы қосымша толық цифрлар қосылады. Бұл жағдайда негізгі реттік нөмір болып ғимараттың, корпустың, құрылымның, имараттың нөмірленуіне жақын ғимараттың, корпустың, құрылымның, имараттың реттік нөмірі қабылданады.

16. Ғимараттардың, имараттардың және өзге де жасанды құрылымдардың мекенжайында мынадай міндетті деректемелер: көше атауы, ғимараттардың, корпустардың, құрылымдардың, имараттардың реттік нөмірлері болуы керек.

17. Жер телімдеріне мынадай міндетті деректемелері болатын шартты мекенжай беріледі: көше немесе шағын ауданның атауы, жер телімінің реттік н ө м і р і .

18. Объект мекенжайының құрылымы объектінің түрі және оның орналасқан жерінің географиялық жағдайымен анықталады: ғимарат, имарат, жер телімі.

19. Шағын ауданның, өндірістік аумақтың, табиғатты қорғау кешенінің (тарихи және сәулет ескерткіштерінің жиынтығы) атауы, реттік нөмірі анықталатын объектінің орналасқан жері объект тиісті шағын ауданның, өндірістік аймақтың, табиғатты қорғау кешенінің белгіленген шекараларында орналасқан жағдайда объектінің мекенжайына қосылуы мүмкін.

20. Даңғылдың, көшенің (қысқа көше, алаң) атауына қатысты объектінің нөмірленуі қала (кент, елді мекен) көшелері атауларының ресми тізбесіне және

нөмірленетін объектінің және көше-жол желісі элементтерін оңтайлы ұсынуға сәйкес қысқа көшелердің, жолдардың және алаңдардың атауларын нақтылай отырып, даңғылдардың, көшелердің, қысқа жолдардың, алаңдардың ресми мекенжай сұлбасына сәйкес қабылданады.

21. Қаланың (кенттің, басқа елді мекендердің) көшелері атауларының ресми тізбесі және Қостанай облысы қаласының (кенттің, басқа елді мекендердің) даңғылдарының, көшелерінің, қысқа көшелерінің, алаңдарының және басқа да құрылымдық элементтерінің ресми мекенжай сұлбасы электронды түрде құрылады және материалдарды, оның ішінде қала немесе басқа елді мекендер аумағындағы қала құрылысы объектілеріне және элементтеріне атау беру, қайта атау туралы мұрағат материалдарын пайдалана отырып, облыстық ақпараттық жүйе негізінде Қостанай облысының Мемлекеттік Қала құрылысы Кадастрының базасында қалалық (аудандық) ақпараттық жүйені (АЖ) жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелермен жүргізіледі.

22. Жер телімінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, имараттың реттік нөмірі объектінің реттік нөмірін ақпараттық жүйе мәліметтерімен алдын-алу келісу бойынша сәулет органымен жобалауға, немесе құрылысқа жер телімін бөліп беру жөніндегі рұқсат беру құжаттамасын әзірлеу сатысында белгіленеді.

Жер телімінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, имараттың реттік нөмірі жекелеген объектілерді бұзу нәтижесінде қаланың (кенттің, басқа елді мекендердің) бір бөлігі объектілерінің нөмірленуі оннан артық бірлікке бөлінген (жоғалған) жағдайда сәулет органымен өзгертілуі мүмкін.

23. Оңтүстіктен солтүстікке қарай құрылыстың үздіксіз үдерісін құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттарға (үйлерге) реттік нөмір беру және нөмірлеу көшенің сол жағы бойынша тақ сандармен және көшенің оң жағы бойынша жұп сандармен оңтүстіктен солтүстікке қарай жүргізіледі. Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін ғимараттардың (үйлердің) реттік нөмірлері және нөмірлеуі өзгеріссіз қалдырылсын.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 2008.09.26 № 458 қаулысымен.

24. Батыстан шығысқа қарай құрылыстың үздіксіз үдерісін құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттарға (үйлерге) реттік нөмір беру және нөмірлеу көшенің сол жағы бойынша тақ сандармен және көшенің оң жағы бойынша жұп сандармен батыстан шығысқа қарай жүргізіледі. Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін ғимараттардың (үйлердің) реттік нөмірлері және нөмірлеуі өзгеріссіз қалдырылсын.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 2008.09.26 № 458 қаулысымен.

25. Әртүрлі санаттағы көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға

реттік нөмір магистральды көшелердің сыныптамасына сәйкес жоғары санаттағы
к ө ш е б о й ы н ш а б е р і л е д і .

26. Санаттары тең көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға реттік нөмір ғимараттың бас қасбеті шығатын көше бойынша беріледі. Егер бұрышқа бір ғимараттың екі теңмағыналық қасбеті шықса реттік нөмір қаланың (кенттің, басқа елді мекеннің) орталығына бағытталған көше бойынша беріледі. Егер ғимараттың бас қасбеті ауланың ішінде болса реттік нөмір ғимарат созылған
б о й ы к ө ш е б о й ы н ш а б е р і л е д і .

27. Алаң периметрін құрайтын ғимараттарға реттік нөмір беру орталық жақтан бас магистральдан бастап сағат тілі бойынша жүргізіледі. Егер бұрыштағы ғимарат бас қасбетке ие болса және жанасқан көше бойымен ұзындығы едәуір болған жағдайда оны нөмірлеу алаң бойынша емес, көше
б о й ы н ш а ж ү р г і з і л е д і .

28. Осы Қағиданың 26, 27-тармақтарын орындау мүмкін болмаған кезде, қала (кент, басқа елді мекендер) аумақтарына жаңа құрылыс салуды қалыптастырған жағдайда, осы аумақтарда ғимараттарға (үйлерге) керісінше тәртіпте реттік нөмірлер беруге және нөмірлеуге, яғни, солтүстіктен оңтүстікке немесе шығыстан батысқа қарай, көшенің оң жағы бойынша тақ нөмірлермен және көшенің сол жағы бойынша жұп нөмірлермен жүргізуге жол беріледі.

29. Жер телімінің аумағында осы аумақта орналасқан ғимараттар, имараттарды нөмірлеуді жүзеге асыруға қатысты негізгі ғимарат анықталады. Негізгі ғимараттың реттік нөмірі көшелердің белгіленген жіктелуі ескеріліп
а н ы қ т а л а д ы .

30. Жер телімінің аумағында орналасқан өзге де ғимараттарға, имараттарға Қағидаға сәйкес негізгі ғимараттың нөмірі және корпусың немесе құрылымның қосымша нөмірі беріледі. "Корпус" немесе "құрылым" көрсеткіші қажет болған жағдайда олар орналасқан жер телімі аумағын қызметтік пайдалануды ескеріп ғимараттардың қызметтік мақсатына және жақын орналасқан ғимараттардың қалыптасқан
н ө м і р л е н у і н е б а й л а н ы с т ы а н ы қ т а л а д ы .

31. Ғимараттарды нөмірлеу бас ғимараттың орналасуын ескеріп, жер телімінің
а у м а ғ ы н а б а с к і р е б е р і с і н е н б а с т а л а д ы .

32. Жеке немесе заңды тұлғаға меншік, жалдау немесе өзге де заттай құқығында тиесілі жер телімінде қосымша бір немесе бірнеше жылжымайтын мүлік объектілерін салған жағдайда корпусың немесе құрылымның қосымша нөмірін қоса әр объектіге сол реттік нөмір беріледі.

33. Тізбекті нөмірлермен (объектілерді тұрғызу) нөмірленген екі ғимараттың, құрылымның арасында орналасқан ғимараттарды нөмірлеу осы қағидаларға сәйкес тиісті объектінің төменгі нөмірін оған әріптерді немесе бөлшектерді қосумен
п а й д а л а н а о т ы р ы п ж ү р г і з і л у і к е р е к .

34. Дербес объектілердің (ғимараттар, имараттар) белгілері бар жалғай салынған және кірістіре-жалғай салынған объектілерге негізгі ғимараттың нөміріне бөлшек белгісі арқылы қосымша толық санды қосумен дербес реттік н ө м і р б е р і л д і .

35. Қоршауларды, көпір, қазылған шұңқырларды, құдықтарды, жертөлелерді, ауладағы тас жабындарды, жаяужолдарды және осылар тәріздес объектілерді есептемегенде, имараттарға "имар." көрсеткіші және имараттардың нөмірлері қосылып олар орналасқан ғимараттың, имараттың немесе жер телімінің ("негізгі ғимарат" болмаған жағдайда) реттік нөмірі беріледі.

36. Игерілген, бірақ нөмірленбеген жер телімдеріне осы жер телімінің шегінде салынған ғимараттың, имараттың нөмірі беріледі.

37. Бір жер телімінің аумағы шегінде бірнеше ғимараттар, имараттар, басқа объектілер орналасқан жағдайда жер теліміне негізгі ғимараттың, имараттың н ө м і р і б е р і л е д і .

Игерілмеген жер теліміне осы Қағидаға сәйкес қарапайым реттік нөмір беріледі, бұл жағдайда мына талаптарды сақтау қажет: әрбір жер телімінің өзінің бірегей реттік нөмірі бар, жер телімдеріне реттік нөмірлер жер телімдерінің осы немесе басқа қала құрылысы бірлігіне (көшеге, даңғылға, алаңдарға және тағы басқаларға) қатыстығы (жапсаржай) белгісі негізінде беріледі.

38. Нөмірленген игерілмеген жер телімінің аумағында жаңа ғимаратты, имаратты салу кезінде тұрғызылатын объектіге нөмірлеудің жалпы тәртібін сақтаған жағдайда осы жер телімінің шартты реттік нөмірі берілуі, немесе осы Қағиданың талаптарын сақтай отырып жаңа жеке реттік нөмір берілуі мүмкін.

39. Қайта тұрғызылған ғимараттың (имараттың) реттік нөмірі және қолданыстағы объектілердің реттік нөміріне өзгерістер енгізу бөлшекті жоспарлау жобасы және ақпараттық жүйесі негізінде сәулет органымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

40. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер телімдерін алып тастауға байланысты жүргізілетін қарқынды бұзу аумақтарында жобаланып жатқан ғимараттар, имараттар үшін реттік нөмірлерді резервілеуге жол беріледі.

5. Мекенжай құрылымының стандарты

41. Объектінің мекенжай құрылымы мына талаптарға сәйкес келуі тиіс: мекенжай деректемелері дидуктивтік әдіспен (жалпыдан жекеге) жазудың қатаң белгіленген тізбектелуде көрсетіледі; объектінің мекенжайы болып " : " (қос нүкте) бөлушіден кейін, "мекенжай" терминінен соң көрсетілген деректемелерден құралған мәтін бөлігі табылады; объектінің мекенжайы мемлекеттік, орыс және басқа тілдерде жазылады; объектінің мекенжайын жазған кезде қала құрылысы элементінің санатын қ ы с қ а р т ы п ж а з у ғ а б о л а д ы :

	а у д а н	-	(а у д .) ;
ш а ғ ы н	а у д а н	-	(ш . а у д .) ;
	а л а ң	-	(а л .) ;
т а с	ж о л	-	(т а с . ж .) ;
	т р а с с а	-	(т р .) ;
	д а ң ғ ы л	-	(д а ң ғ .) ;
	к ө ш е	-	(к - с і) ;
	ж е л е к ж о л	-	(ж е л . ж .) ;
	с а я ж о л	-	(с а я . ж .) ;
ө т у	ж о л ы	-	(ө т у . ж .) ;
қ ы с қ а	к ө ш е	-	(қ ы с . к .) ;
т ұ й ы қ	к ө ш е	-	(т ұ й . к .) ;

объектінің мекенжайын жазғанда қала және әкімшілік ауданның атауын көрсетумен, сондай-ақ қысқартуларды: қала (қ.), аудан (ауд.) қолданумен мекенжайды толық мазмұндауға жол беріледі;

мекенжайды жазу кезінде қала құрылысы элементінің (шағын ауданның, алаңның, көшенің және тағы басқалардың) бекітілген атауы толық көрсетілуі к е р е к .

М ы с а л ы :

мекенжайы: Қостанай облысы, Қостанай қ-сы, А.Пушкин к-сі, 110, 51-пәт.;

мекенжайы: 9-ш. ауд., 12, 29-пәт.;

мекенжайы: Қайырбеков к-сі, 31;

мекенжайы: "Западный" ш. ауд., 3 б.

42. Қаланың (кенттің, басқа елді мекендердің) бірнеше бөліктеріне қатысты бір объектіге бірнеше мекенжайлар беруге жол берілмейді.

6. Ғимараттар және имараттардың реттік нөмір көрсеткіштерін, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, көше атауларының бұрыштық көрсеткіштерін орнатуға қойылатын талаптар

6.1. Жалпы талаптар

43. Ғимараттар және имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері, көшелер және шағын аудандардың атаулары үйлер қасбеттерінде мына тәртіппен о р н а т ы л а д ы :

1) жаңадан салынған ғимараттарды пайдалануға тапсыру кезінде: тапсырыс беруші облыстық және базалық ақпараттық жүйелердің мәліметтері негізінде ғимаратқа (имаратқа) реттік нөмір беретін және мекенжай беруге жататын объект (ғимарат, имарат) географиялық бекітілген даңғылдың, желекжолдың, көшенің дұрыс атауын анықтайтын сәулет органына өтініш б і л д і р е д і ;

сәулет органынан алынған мәліметтер негізінде тапсырыс беруші өз қаражаты есебінен алдын ала келісім бойынша сәулет органымен, тілдерді дамыту жөніндегі органның келісімімен шағын ауданның және (немесе) көше атауының көрсеткіш, ғимараттың (имараттың) реттік нөмірінің көрсеткіш нобайының жобалау құжаттамасының құрамына осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ғимараттың (имараттың) реттік нөмірінің көрсеткішін, көше, шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін дайындау және орнатуды жүргізіледі;

2) ғимараттар және имараттардың реттік нөмірлері, көшелер, шағын аудандардың атаулары өзгерген жағдайда ғимараттардың, имараттардың реттік нөмірлерінің тиісті көрсеткіштерін, көшелер атауларының көрсеткіштерін, шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін және өзге де көрсеткіштерін айырбастауды және орнатуды облыстық және базалық "Мекенжайлық тіркелім" ақпараттық жүйесінің мәліметтері негізінде сәулет органы жүргізеді.

44. Ғимараттар, имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін, көшелер және шағын аудандар атауларының реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін орнату мемлекеттік бюджет қаражаттары, сондай-ақ инвесторлар қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

45. Қасбеттерінде көрсеткіштер орнатылған ғимараттарды (имараттарды) бұзғанда көрсеткіштің құны ғимаратты (имаратты) бұзу жөніндегі шығындар құрамына енгізіледі және оның бастамасы бойынша бұзуға жататын ғимараттың (имараттың) меншік иесіне (баланс ұстаушыға, пайдаланушыға және тағы басқаларға) белгіленген тәртіппен қайтарылады.

46. Көрсеткіштер жол белгілері, сыртқы жарнама құралдарымен бір жерде (тіреуіште, имаратта) және олармен бірге бір қатарда орнатылмауы тиіс. Көрсеткіштерді бағдаршам тіреуішіне орнатуға жол беріледі.

47. Көрсеткіштер тәулік уақытына қарамастан ажыратылуы тиіс.

6.2. Көше атауларының көрсеткіштері

48. Көше атаулары көрсеткіштерінің мәтіндері Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келуі керек.

49. Көше атауларының көрсеткіштері жер бетінен 2,5-тен 3,0 метр биіктікте, қиылысқа шығатын ғимарат немесе имарат бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта қиылыс жасайтын көшеге шығатын ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде орналастырылады.

50. Көше атауларының көрсеткіштері көше атауы көрсеткішінің үлгі нобайына сәйкес келетін магистральды көшелерге, көшелерге және жергілікті маңыздағы жолдарға шығатын ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

6.3. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері

51. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері шағын ауданға жататын және шағын ауданды шектеп тұратын көше қиылыстарында (қиылыстарда) немесе шағын ауданды шектеу көшелерімен және шағын аудандарға кіру жолдарымен құрылған шартты қиылыстарда орналасқан ғимараттар және имараттарда орналастырылады.

52. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері жер бетінен 2,5-тен 3,0 метр биіктікте, ғимарат немесе имарат бұрышының қиылысқа немесе шартты қиылысқа шығатын 25-30 сантиметр қашықтықта ғимараттар және имараттардың қасбеттерінде орналастырылады.

53. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері шағын аудан атауы көрсеткішінің үлгі нобайына сәйкес келетін шағын ауданды шектейтін қозғалысы жылдам және реттелген магистральды жолдарға, жалпы қалалық маңыздағы магистральды көшелерге шығатын ғимараттар және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

54. Ғимараттар немесе имараттар қасбеттерінде шағын аудандардың атауларының көрсеткіштері орнатылған болса, көше атауларының көрсеткіші орнатылмайды.

6.4. Объектілердің реттік нөмірінің көрсеткіштері

55. Ғимараттың, имараттың реттік нөмір көрсеткіші әрбір ғимараттың және имараттың қасбетіне көшенің сол жағы бойынша тақ сандармен, жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте, үй бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта орналастырылады.

56. Егер ғимарат, имараттың қасбетінде көше немесе шағын аудан атауының көрсеткіші орналастырылса, ғимарат, имараттың реттік нөмірінің көрсеткіші көше немесе шағын аудан атауының көрсеткішінен кейін көлденең ось бойынша орналастырылады.

57. Шағын аудандар және кварталдар ішінде ғимараттар немесе имараттардың реттік нөмірінің көрсеткіштері ғимараттың реттік нөмірі көрсеткішінің үлгі нобайына сәйкес келетін кварталішілік жолға шығатын ғимараттар және имараттардың қасбеттерінің сол жағына жер бетінен 2,5-тен 3,0 метр биіктікте, үй бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта, орналастырылады.

6.5. Көше атауларының бұрыштық көрсеткіштері

58. Көше қиылыстарында (қиылыстарда) орналастырылатын көшелер (аншлағтар) атауларының бұрыштық көрсеткіштері тікелей көше қиылыстарында (қиылыстарында) орналастырылады және биіктігі 4 метрден аспайтын металл тіреуіштерде орнатылады.

6.6. Қосымша талаптар

59. Жер телімдеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмір беру жөніндегі мәліметтер "Мекенжайлық тіркелім" облыстық және базалық

ақпараттық жүйелері мәліметтерінің ақпараттық базасында міндетті тіркелуге ж а т а д ы .

60. Реттік нөмірлер уақытша тұрғыдағы объектілерге, жеке тұлғаның меншігіндегі және (немесе) гараж кооперативтерінің, қоғамдардың, қаланың (кенттің, басқа елді мекендердің) инженерлік инфрақұрылым объектілерінің, бақ және саяжай учаскелерінің құрамына енетін шаруашылық құрылыстарға, г а р а ж д а р ғ а б е р і л м е й д і .

61. Уақытша тұрғыдағы объектілердің жеке реттік нөмірі жоқ, бірақ анықтамамен жақын орналасқан объектінің тұрақты реттік нөмірімен олардың орналасқан ж е р і н а қ т ы л а н у ы м ү м к і н .

62. Тиісті бақ қоғамдарын құрайтын, гараж кооперативтерінің, қоғамдардың, бақ және саяжай (бау) учаскелерінің құрамына енетін гараждардың орналасқан жерін анықтау осы кооперативтердің, қоғамдардың басқару органының шешімімен белгіленеді, сонымен қатар әрбір объектіге жеке реттік нөмір беріледі . Тиісті басқару органдары болмаған жағдайда жеке нөмірлерді беруді сәулет о р г а н д а р ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

63. Ұйымдар әзірлейтін және шығаратын объектілердің реттік нөмірлері туралы мәліметтерді құжаттарда толтырғанда жер телімдерінің, ғимараттар және имараттардың реттік нөмірлерін өз еркімен жазуға тыйым салынады.

64. Осы Қағидалардың талаптары бұзылып ғимараттар және имараттардың қасбеттерінде орнатылған көрсеткіштер ғимараттың (имараттың) меншік иесімен (баланс ұстаушымен) немесе оған қызмет ететін тұлғамен, ал ол болмаған кезде - сыртқы жарнама және рәсімдеу жөніндегі органмен бөлшектеуге жатады.

65. Ғимараттар және имараттардың меншік иелері (баланс ұстаушылар) ғимараттар және имараттардың реттік нөмірі көрсеткіштерін, көшелер және шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін түзетілген жағдайында ұстауға т и і с т і .

66. Көшелер және шағын аудандар атауларының көрсеткіштері, ғимараттар және имараттардың реттік нөмірі көрсеткіштері қатардан шыққан, жоғалған, зақымданған, ескірген жағдайда меншік иелері (баланс ұстаушылар) ауыстыруы қ а ж е т .

67. Ғимараттар және имараттардың меншік иелері (баланс ұстаушылары) көрсеткіштер орнатылған объектіге көрсеткіштерді орнатуды, ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлеріне үздіксіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге тиісті.

7. Қала құрылысы элементтерінің атаулары немесе объектілердің реттік нөмірі өзгергеннен кейін құқығын куәландыратын және өзге де құжаттарға өзгерістер енгізу тәртібі

68. Қалалық мәслихат және әкімдіктің белгіленген тәртіпте жариялаған қала құрылысы элементтерін (көшелер, шағын аудандар және тағы басқаларын) қайта атау туралы бірлескен шешімі, сондай-ақ объектілердің реттік нөмірлерін өзгерту туралы сәулет органының шешімі жеке және заңды тұлғалардың оған тиесілі мүлікке меншік (шаруашылық жүргізуге, жедел басқару) құқығын куәландыратын құжаттарға және белгіленген тәртіпте өзге де құжаттарға өзгерістер енгізуге бастамшылық ету үшін негіз болып табылады.

69. Құжаттарға аталған өзгерістерді енгізу тіркеу органында мүлікке қатысты қандай да мәмілелерді тіркеген сәтте жеке және заңды тұлғаның бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

8. Қорытынды ережелер

70. Осы Қағида меншік нысанына және ведомстволық керек-жарағына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

71. Қағидада қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.